

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Энергетика және машина жасау институты

Технологиялық машиналар және көлік кафедрасы

Сапар Жандос Ермекұлы

«КАМАЗ 4308 жүк автокөлігі шассиінде эвакуаторды жобалау»

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6В07108- «Көліктік инженерия» мамандығы


Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Энергетика және машина жасау институты

Технологиялық машиналар және көлік кафедрасы



ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі,

техника ғылымының кандидаты

С.А.Бортебаев

«12» 08 2023 ж

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «КАМАЗ 4308 жүк автокөлігі шассиінде эвакуаторды жобалау»

6B07108- «Көліктік инженерия» мамандығы бойынша

Орындаған

Сапар Ж. Е.

Пікір беруші

Ассоц.профессор, т.ғ.к.

Е.Б. Калиев

«08» 06 2023 ж

Ғылыми жетекші

Профессор, т.ғ.д.

А.Т.Турдалиев

«08» 06 2023 ж

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Энергетика және машина жасау институты

Технологиялық машиналар және көлік кафедрасы

6B07108 – Көліктік инженерия

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі
«Технологиялық Машиналар
және көлік», техника
ғылымының кандидаты

 Бортебаев С.А.
« 28 » 11 2022ж.

**Дипломдық жұмыс орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Сапар Жандос Ермекұлы

Тақырыбы: «КАМАЗ 4308 жүк автокөлігі шассиінде эвакуаторды
жобалау»

Академиялық мәселелер жөніндегі Проректордың 2022 жылғы «23» қараша
№408-П-Ө бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «13» маусым 2023 жыл

Дипломдық жобаның бастапқы деректері: Қолданыстағы эвакуаторлардың
конструкциясы, ғылыми-техникалық оқулықтар және патенттік-
ақпараттар

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Жалпы бөлімі

в) Жобалық-конструкторлық бөлімі

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс




1. Камаз 4308 автомобилінің жалпы көрінісі-1 бет; 2. Патенттік сызба-1
бет; 3. Гидравликалық манипулятордың жалпы көрінісі-1 бет; 4.
Гидроцилиндр-1 бет; 5. Құрастырма сызба-1 бет; 6. Бөлшектік сызба-1 бет

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 7 атау

Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Жалпы бөлімі	06.01.23ж - 24.02.23ж	орындалма
Жобалық-конструкторлық бөлімі	13.04.23ж - 05.05.23ж	орындалма.

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Жалпы бөлімі	А.Т.Турдалиев, профессор, т.ғ.д.	29.05.23ж	
Жобалық-конструкторлық бөлімі	А.Т.Турдалиев, профессор, т.ғ.д.	30.05.23ж	
Норма бақылау	А.Т. Альпейсов, ассоц. профессор, т.ғ.к.	07.06.23ж	

Ғылыми жетекші  А.Т.Турдалиев

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  Ж.Е.Сапар

Күні «06» 06 2023 ж.

АНДАТПА

Дипломдық жұмыстың негізгі бөлімінде КАМАЗ 4308 автокөлігінің тұжырымдамасы туралы мәліметтер жазылып, техникалық мәліметтерге талдау жасалды. Сондай-ақ, сол бөлімде біз автомобильдің техникалық сипаттамалары мен пайдалану қасиеттерін оқи аламыз. Дипломдық жұмыста кран манипуляторымен байланысты болғандықтан, осы бөлімде келесі мәліметтер жазылған: кран манипуляторының қызметі, жіктелуі, қолданылуы, түрлері мен мақсаттары. Екінші бөлімде патенттік шолу жасалды, яғни көлік техникасының кран-манипуляторының жаңа өнертабыстары қарастырылды. Ең қолайлы патент таңдалды. Үшінші бөлімде кран манипуляторға есептеу жүргізілді. Дипломдық жұмыста біз КАМАЗ 4308 көлігінің кран-манипуляторының негізгі сипаттамаларын есептедік.

АННОТАЦИЯ

В главной части дипломной работы, написаны сведения про концепцию автомобиля КАМАЗ 4308 и приведен анализ технических данных. А так же в этом же разделе мы можем прочитать техническую характеристику и эксплуатационные свойства автомобиля. Так как дипломная работа связана с крано-манипулятора в этом разделе еще написаны следующие сведения: функция, классификация, применяемость, виды и назначения крано-манипулятора. Во второй части производился патентный обзор, то есть рассматривались новые изобретения крано-манипулятора транспортной техники. И был выбран, самый приемлемый патент. В третьей части был произведен расчет крано-манипулятора. В дипломной работе мы вычислили основные характеристики крано-манипулятора автомобиля КАМАЗ 4308 .

ANNOTATION

In the main part of the thesis, information about the concept of the KAMAZ 4308 car is written and an analysis of technical data is given. And also in the same section we can read the technical characteristics and operational properties of the car. Since the thesis is related to the crane manipulator, the following information is also written in this section: function, classification, applicability, types and purposes of the crane manipulator. In the second part, a patent review was carried out, that is, new inventions of the crane manipulator of transport equipment were considered. And the most acceptable patent was chosen. In the third part, the calculation of the crane manipulator was carried out. In the thesis, we calculated the main characteristics of the crane manipulator of the KAMAZ 4308 car.

КІРІСПЕ

Гидроманипулятор автокөліктерге, доңғалақты және шынжырлы тракторларға, арнайлатылған және темір жол транспорттарына орнатылатын жүккөтергіш механизм. Гидроманипулятор арнайылатылған жүк қармаушы құрылғылар арқылы жүкті қармауға, тасмалдауға және тиеуге арналған. Гидроманипуляторды көп жағдайда жүкпен жоғары дәлдікпен стратегиялық әрекет жасауға және бірнеше операцияларды біріктіруге мүмкіндік беретін механикалық қолмен теңестіреді. Гидроманипулятор жүкті тасмалдау барысында техниканы пайдалану қарқындылығын арттырып, жүкті тиеу және түсіру барысында қол күшін пайдалануды минимумға жеткізіп және жұмысқа қатысатын адамдар мен техника санын азайтуға мүмкіндік беретін алдыңғы қатарлы техникалық шешім. Біздің жобаланып отырған дипломдық жұмысымызда манипулятор эвакуаторлық яғни тиеу-түсіру жұмыстарын орындауға, орнатылған транспорттық құралдарға автомобильді тиеуге және түсіруге арналған. Олар аз салмақты, көптеген жүк автокөліктеріне орнатылмалы және транспорттық жағдайда оңай жиналады. Манипулятордың салмағы базалық автокөліктің тиімді жүккөтергіштің 20-25% құрайды, бұл өз кезегінде автокөліктің тікелей тағайындалуы қолдауға жағдай жасайды. Автокөлік пен манипулятор құрылғысын біріктіру қаржы мен уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді.

1 Жалпы бөлім

1.1 КАМАЗ 4308 автомобилі базасында жабдықталған эвакуатордың техникалық сипаттамасы

Габариттік өлшемдері, мм

- Ұзындығы 8605
- Ені 2500
- Биіктігі 3265 - 3870
- Автомобильдің базасы, мм 4200

Салмақтық параметрлер мен жүктемелер, а/м

- Жабдықталған массасы а/м, кг 7296 - 7822
- Жүк көтергіштігі, кг 3500
- Толық массасы, кг 10796 - 11322
- Автомобильдің толық массасы, алдыңғы оське тусетін жүктеме, кг 3708 - 4234
- Автомобильдің толық массасы, артыңғы оське тусетін жүктеме, кг 7088

КМУ-дың техникалық сипаттамасы

- Кран-манипулятор PALFINGER PK 12000
- Жебенің максималды шығысындағы жүк көтергіштігі, кг 1920
- Жебенің максималды шығысы, м 6,0
- Жүктік момент, т*м 11,6
- Жебенің максималды бұрылу бұрышы, град. 420
- Өзіндік салмағы, кг 1380
- Жұмыс кезіндегі температуралық режим - 40С тан + 40С

1.2 Эвакуаторлардың қолданылуы және түрлері

Шығырлы эвакуаторлар

Бұл эвакуаторлардың ішінде ең көп тараған түрі болып табылады. Мұндай эвакуаторлар салмағы 2,5-7 тонна аралығындағы автомобильдерді тасымалдауда қолданылады. Эвакуаторда платформаға автомобильді тартып шығару үшін арнайы электрлік шығыр қолданылады. Негзінде эвакуатордың мұндай типімен жол апатынан дөңгелектері біртұтасталған немесе автоматты беріліс қорапты автомобильдерді тасымалдау қиын болып келеді.



1- сурет - Шығырлы эвакуатор

Жылжымалы платформалы эвакуаторлар

Бұл эвакуатордың шығырлы эвакуаторлардан айырмашылығы мұнда автомобиль арнайы жылжымалы платформа арқылы жүктеледі. Мұндай эвакуаторлар тасымалдау жүктеу кезінде уақыт үнемділігін қамтамасыз етеді.



2 - сурет - Жылжымалы платформалы эвакуатор

Гидроманипуляторлы эвакуаторлар

Мұндай машиналар автомобильді эвакуациялау кезінде автомобильдің қатты бүлінген жағдайында және платформаға өздігінен тартып шығару қиын болған жағдайда қолданылады. Эвакуатор арнайы кран манипуляторлы құрылғымен жабдықталған. Ал тиелетін автомобильдің горизонталь күйін сақтауы үшін траверса қолданылады. Траверса жүктің тепе теңдігін ұстап тұратын құрылғы болып табылады.



3 – сурет - Гидроманипуляторлы эвакуатор

Тік платформалы және кранды эвакуаторлар

Эвакуатордың бұл түрімен массасы 3,5 тоннадан асатын автомобилдерді тасымалдауға тиым салынады. Автомобиль метр радиуста жұмыс істеуге қабілетті кран манипулятор көмегімен көтереді және тегіс металдық платформаға тиеді. Бұл эвакуатор жолда орнықтылығымен және тасымалданатын автомобильдің жақсы сақталуымен ерекшелінеді.



4 – сурет - Тік платформалы және кранды эвакуатор

Иілген платформалы және кранды эвакуаторлар

Эвакуатор арнайы кран манипуляторлы құрылғымен жабдықталған және жылжымалы апарелялы металл платформамен жабдықталған. Сондай ақ барлық жағдайда жұмыс атқаруы үшін электрлік шығырмен қамтылған.



5 – сурет - Иілген платформалы және кранды эвакуатор

Жекелік тиеу тасымалдау эвакуаторлары

Ауыр жүк машиналарын автобустарды және арнайы техниканы тасымалдау кезінде арнайы жекелеп тасымалдаушы эвакуаторлар қолданылады. Ол үшін платформадан шыққан арнайы дөңгелектік фиксаторларға автомобильдің алдыңғы немесе артқы дөңгелегі бекітіледі.



6 – сурет - Жекелік тиеу тасымалдау эвакуатор

Екі қабатты эвакуаторлар

Мұндай тасымалдау құралы бір мезетте бірнеше автомобильді тасымалдауға арналған. Мұндай эвакуаторлар тіре рамасы жағынан жақсартылған болып келеді. Ол жолда орнықтылықты және де астыңғы автомобильдің бүлінбеуін қамтамасыз етеді.



7- сурет-Екі қабатты эвакуаторлар

3 немесе одан көп автомобильді тасымалдаушы автовоздар

Бұл арнайы транспорттық құрал бір мезетте В класы 7-8 автомобильді тасымалдауға арналған. Автоvozда негізінен жаңа автомобильдерді тасымалдауға негізделген.



8-сурет-3 немесе одан көп автомобильді тасымалдаушы автовоздар

1.3 Кран –манипулятордың функциясы, талаптары, сыныпталуы және қолданылуы

Кран-манипулятор – жүк автокөліктерге орнататын әмбебеп қондырғы, жүктерді тасуға және көтеруге арналған механизм. Соңғы кезде манипулятор өте тиімді болып кетті. Қазіргі кезде крандардың арналуына байланысты бірнеше түрі бар.

Манипуляторлардың классификациясына бойынша келесі сипаттамаларды қолданамыз:

- Максимал жүкөтергіштігі;
- Жүкті көтеру биіктігі және оны түсіруі;
- Кран-манипулятордың минимал айналу радиусы;
- Кранның стреласының ұшуы;
- Аспасының қолдану ерекшеліктері;
- Шассидің түрі.

Қондырғы жүкөтергіштігіне сәйкес классификацияланады, орнату тәсілі немесе монтажбен немесе жетек түрімен: механикалық, пневматикалық, электрлік, гидравликалық ерекшелінеді. Гидроманипуляторлардың жай автокрандардан ерекшелігі біріншіден, массасы және күштік ағымының беріліс элементі, жүкөтергіш машиналарынан 25%-дан аспайды. Манипулятордың

бұндай сипаттамасы гидроманипуляторлы автокөліктерге және кран-манипуляторлы қондырғы жүк тасуға өте тиімді екенін көрсетеді. Гидроманипулятор кез-келген автокөліктерге тез және тиімді тиіп-түсіру жұмыстарын тасуын қамтамасыз етіп, гидроманипуляторды қалалық жағдайда аз тонналы шассидегі («Газель», «Валдай») орнатуға болады.

Гидроманипуляторларды қолдану өте кең тараған. Көп таңдау навестік жабдықтарды кез-келген жүктерді тасуға: сусымалы жүктерді, ағаштарды, маталдарды, тастарды және т.б. Ең көп қолданатын жүк автокөлік базасындағы кран-манипулятор олар қоймалық, үй шаруашылық, құрылыста, жол жағдайында қолданылады. Соңғысы негізі қалалық жағдайда қиын жөндеу орынында бұзылған техниканы немесе соғылған техниканы көтере алмайды. Гидроманипуляторлы эвакуатор ол 10-15 минут ішінде автокөлікті өзінің платформасына оқиға орнына тез алып шыға алды. Кран –манипуляторды жүк автокөлікке орнату үшін шассийн жөндеу керек: рама астын дайындау керек, қосымша тіреуіштерді, қосымша дайындық жұмыстарын жүргізу, өзін немесе компания көмегімен жүргізу керек. Кран-гидроманипуляторды сондай-ақ жүктік палтформаға немесе жүргізішінің кабинасының артына орнатуға болады. Манипулятор базалық шассидегі қуат беру қорабынан немесе аккумулятордан тоқ алады. Кранның басты қасиеттерінің бірі жүккөтергіштігі.

Жүккөтергіштігі бойынша кран-манипулятор сегіз топқа бөлінеді:

манипулятор жүккөтергіштігі 4-5 тонна.

манипулятор жүккөтергіштігі 6,3-8 тонна.

манипулятор жүккөтергіштігі 10-15 тонна.

манипулятор жүккөтергіштігі 16-22,5 тонна.

манипулятор жүккөтергіштігі 25-36 тонна.

манипулятор жүккөтергіштігі 40-56 тонна.

манипулятор жүккөтергіштігі 63-90 тонна.

манипулятор жүккөтергіштігі 100-120 тонна.

1.4 Кран-манипулятор қондырғыларының тарихы

Қарапайым көтеру крандары және көпшілікте жүккөтеру машиналары XVIII ғасырда ағаш дайындалған және олардың жетегі қолмен болатын. 20-шы жылдарда алғаш рет тұтастай металмен жабықталған көтеру крандары қолмен жұмыс жасайтын, ал 1830-шы жылдарда механикалық жетекпен шыға бастады.

Алғаш бумен жұмыс жасайтын көтеру крандары Ұлыбританияда 1830 жылы шығарылды, ал 1847 жылы гидравликалық жетекпен шығарылды. Көтеру кранында іштен жану қозғалтқышы 1895жылы қолданып, ал 1880-1885 жылы электрлік қозғалтқыш бір уақытта АҚШ және Германияда қолданды. Ол кезде бірмоторлы жетекті көпірлі крандар болған. 1890 жылы АҚШ және Германияда көпмоторлы жеке жетекті көтеру крандары шығарылған.

Кран-манипулятор тарихында Арне Будгаарда Йенсена аты қалады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ үлкен емес компанияның іргесін қалады, кейін олар осындай көлікті бірінші болып шығара бастады.

Даниядағы неміс әскери жаушылығынан кейін, Арне соғыстан кейін эмиграция штаттарында тұрды, онда пл шеберхана сатып алды. Мистер Йенсен мансабының басында ағасының кеңесімен тракторларға самосвал тіркеме дайындаумен жұмыс жасады. Бұл жұмыс пайдалы болды, бірақ ол оданда көп нәтиже күтті. 50-жылдары ол жаңа автокөлік шассиіне манипулятор қондырғысын қондыруды ойлап тауып және содан ол біраз жылдан кейін сериялық өндірісін реттеді.

Көтеру-тасымалдау машиналары өнеркәсіптердегі, құрылыстардағы, транспортағы, тау жұмыстарында, және ауылшаруашылығындағы көтеру-тасымалдау және тиеу-түсіру жұмыстарын механизациялаудың негізгі құралы. Оларды адам тасымалдауда яғни көпқабатты үйлерде, қоғамдық және әкімшілік ғимараттарда, шахталарда қолданады. Орын ауыстыру тәсіліне байланысты көтеру-тасымалдау машиналары бес топқа бөлінеді: жүк көтеру машиналары және механизмдары, тасымалдау машиналары, аспалы біррелісті тасымалдау машиналар, толық емес тасымалдау машиналары және тиеу-түсіру машиналары. Көтеру-тасымалдау машиналары үздіксіз және периодты (циклді) жұмыс істейтін болып бөлінеді. Периодты жұмыс істейтін машиналарға қозғалтқышсыз қарапайым құрылғылар жатады: блогтар, полиспасталар және т.б сонымен қатар жүккөтергіш машиналар: крандар, жүктік және жолаушылар лифттары, жүккөтергіштер, толық емес тасымалдау машиналары (электроарбалар, тягачтар). Үздіксіз жұмыс істейтін машиналарды түрлі конвейерлер, элеваторлар, эскалаторлар құрайды. Периодты жұмыс істейтін машиналар жүкті периодты тасымалдауды қамтамасыз етеді яғни порциямен тасымалдайды. Сонымен қатар тиеу және түсіру жұмыстары машина тоқтап тұрған кезде жүргізіледі. Периодты жұмыс істейтін машиналардың жұмыс циклі жүкті қармауға тоқтаудан, жүкпен қозғалудан, жүктен арылу үшін тоқтаудан және жүксіз қайта қайтудан тұрады.

Үздіксіз жұмыс істейтін машиналар дара немесе төгілмелі жүкті белгілі жол бойымен тоқтаусыз үздіксіз орын ауыстырады. Тасымалданатын төгілмелі жүк тасымалдайтын элементтің яғни таспаның немесе полотноның бойына орналасады. Дара жүктер де үздіксіз бірінен кейін бірі орын ауыстырылып тасымалданады. Сонымен қатар жүк тасымалдайтын элементтің жұмыс бөлігі мен бос жүріс бөлігі бір мезетте қозғалады. Жүктің үздіксіз тасымалдану, тиеу-түсіру үшін тоқтаудың қажет еместігінен және жүктелген және бос жүріс бір мезетте болуынан бұндай машиналар өте үлкен өнімділікке ие. Сондықтан жүк тасымалы көп өнеркәсіптерде үлкен қолданыс тапқан. Мысалға, қазіргі заманғы таспалы конвейер ашық тәсілмен көмірді 30000 т/сағ тасымалдайды.

Тасымалдаушы машиналар мен құрылғылардың ерекше тобын олармен бірлесе жұмыс жасайтын қосалқы құрылғылар құрайды: таразылар, жүк машиналары, бункерлер, дозаторлар, затворлар, желобтар және т.б. Қазіргі өндірістің жоғарғы өнімділігі дұрыс ұйымдасқан әрі сенімді жұмыс жасайтын өндіріс транспорттары құралдарынсыз болуы мүмкін емес. Мысалы, машинақұрастырушы завод жүздеген тонна металл, жанармай, жартылайфабрикаттар және дайын өнімдерді цехтардан алады әрі цехтарға

бөледі және цехтарға дайын өнім мен өндіріс қалдықтарын жібереді. Metallургиялық комбинаттың домна пештеріне күн сайын мыңдаған тонна агломерат, флюс, кокс түседі, ал пештерден басқа цехтар мен қоймаларға дайын өнімді апарды. Күн сайын көмір шахталары, ашық түрдегі өндіріс карьерлерінен қазып алынған мыңдаған тонна көмір тасымалданады. Бұл кәсіпорындардағы жүк жүк тасымалдаулары өндіріс транспорт құралдары арқылы жүзеге асады. Өндірістік транспортты аумақтық сипаты бойынша сыртқы және ішкі (заводшілік) деп бөледі. Сыртқы транспорт өндіріс орнына сырттан шикізат, жанармай, жартылайфабрикаттар, дайын өнімдер мен басқа да өндіріс материалдарын және кәсіпорыннан дайын өнім мен қалдықтарды сыртқа шығарып, жеткізуге арналған. Бұл операциялар теміржол, су, автомобиль және әуе транспорттары арқылы орындалады. Қазіргі орналасу жағдайларына тән қайта өңдеуші және энергетикалық кәсіпорындардың шикізат қайнар көзінің жанында орналасуы (10- 20 км-ге дейін) және сыртқы тасымалдауда үлкен жүк тасқыны (жылына 5- 25 млн. т немесе 1250- 6000 т/сағ) үшін конвейерлерді пайдалану табысты болуда. Конвейерлік транспорт мұндай жағдайда темір жол немесе автомобиль жолдарына қарағанда тиімдірек.

Заманауи кәсіпорындарда транспорттық және технологиялық жолдар өзара тығыз байланысты және тұтастай бір жүйені құрайды.

Автокрандардың арғы тегі болып крандық балкасы жанына немесе алдына қойылған рутьерлер саналады. Ішкі түрі және құрлымы болып «реліссіз паравоздар» болды. Автокөлік шассийне кран қондырғыларының пайда болуы автокран аумағында біраз өсті, көп жағдайда тиеу және қосымша жұмыстармен дала жағдайында жөндеу жұмыстарымен шектелмеді. XX ғасырдың 40-жылдары автокрандар байланысының сенімсіздігі, аз жұмыс аумағын және көтеру биіктігі, жоғары пайдалану шығыны толық көлемде іске асты.

Алғаш рет автокрандардың орташа класстары XX ғасырдың басында шыға бастады. Автогидроманипуляторлардың арғы тегі құрлымы жағынан бірдей болатын: автокөлік шассий және толық бұрылмалы кран платформасы электрлік немесе механикалық тостардың жетегінен болады. Жетек қуат бөлу білігі арқылы механикалық арқылы жүзеге асады. Бұл автогидроманипуляторлар құрлымының қарапайымы, оның маңызды кемшілігі базалық шассидің қуаты көп жағдайда жүккөтергіш қондырғысынан анықтайды. Осындай кран қондырғыларының сипаттамасын жақсарту мүмкіндігінде әр түрлі жақындау қолданып (генератордан немесе сыртқы желіден) алады.

Қалалық инфрақұрлымның өсуіне байланысты барлық құрылыс алаңдарында қолданылған стационарлық крандарды қала ішіндегі құрылыстарға қолдануға жарамайтындығы анықталды. Бұл крандар көп ауданды болуын талап етеді, жүктерді жеткізу операциясы, сондай-ақ жиналып тұрған кезде көп орын алады. Уақыт өте негізгі себеп боп бірінші рет Японияда екі осьті кран жылжымалы шассиде кран стреласы бар. Кран қондырғыларының иілгіш стрелаларының екінші себебі мобилді кран-

манипулятордың шығуы. Тиеу-түсіру жұмысы кезінде грузовикке көп уақыт кетеді, қол еңбегінің қолдануының шығыны көбейеді.

Сондай-ақ айта кететін кран-манипулятор бұл көтеру кран стрелалы түрдегі автокөліктік құрлымға орнатылған. Кран жүкті тиеуге және түсіруге көліктік құралға орнатқан немесе басқа да тиеу-түсіру жұмыстарында қолданады.

Кран-манипуляторлардың арналуы бойынша әр-түрлі жүккөтергіштікте бар: жеңілдері (1-10 кг), орташалары (10-100 кг), ауырлары (100-1000 кг) және аса ауырлары (1000 кг көп) болады. Крандар көліктік құралда әр-түрлі орналасуы, жиналған немесе басқада жүкқармауыш құралмен жабдықталған. Жүкті түсіру қарапайым және қауіпсіз қоршаған ортаға. Кран-манипулятормен жұмыс жасаған кезде жылжымайтын тірек жұмыс жасаған кезде тұрақты болады, сондай-ақ ауыр жүктерді түсіргенде жүктік құралдың қисайуын болдырмау керек. Жүкті бекіту арнайы жүкқармауыш құрылғының көмегімен болады: канатты немесе шынжырлы фиттигімен, ілмекпен, магнитті қармауыштармен, трасверлермен атқарылады. Жүк стреланың көмегімен автокөліктік құралға сенімді бекітіліп жүк тасуға арнайы бекітіледі:

жүктелу жабдығы, кран немесе жүктегіштер (мыс., қала сыртындағы құрылыста), құрылғының жинақылығы (тиеп-түсіру) жұмыстарын одан артық габариттік техниканы қолдануға келмейтін қол жетімсіз жерлерде жүргізу мүмкіндігі), қол еңбегінің қажетті болмайтын немесе қосымша жұмыс күшін әкелу қажеттігі жоқ орындарда қолданылады.

Тиеп - түсіру жұмысы тек бұр ғана адам – жүргізуші көмегімен орындалуы мүмкін. Айта кететін жайт, автомобильді эвакуациялау кран манипуляторсыз жүргізілмейді, әсіресе, қарапайып эвакуаторды қодану мүмкіндігі жоқ жерлерде.

Өткен ғасырдың 50 жылдарында автомобиль шассиінде манипулятор өндірісінде үлкен өркендеу болды. Бүгінгі таңда осы өнеркәсіпті жапондықтар қолға алды. Tadano, Unic, KATO, Sakai тәрізді маркалар әлемнің көптеген елдерінде белгілі. Үш онжылдықтан кейін корей спецтехникалары да қосыла бастады: Kanglim, Soosan, Dong Yang және CS Machinery. Еуропалық кран – манипуляторды шығаратын компаниялардан ерекше танымал жақында өзінің 100000 кран манипуляторын шығарған австриялық өндіруші Palfinger. Бұған қоса италиялық өндірушілер: Amco veba, Fassi, Effer және швециялық Hiab.

Швециялық Hiab 1947 жылы әлемде бірінші болып Стокгольмнен 300 км солтүстікке қарай орналасқан, Худиксвалл заводының жүккөтергіштері үшін кран–манипуляторлардың сериялық өндірісін өндіре бастады. Кейін Жапонияның жоғары технологиясы алға бастады, 1961 жылы Farkukawa (UNIC) фирмасы гидравликалық кран – манипуляторларды шығарды. Ол шынайы гидравликалық кран қондырғылары болатын, қазігі гидроманипуляторлар – жапониялық, оңтүстік корейлық кран манипуляторлар сондай жұмыс принципіне негізделіп жасалынған.

КМУ коллонасы күшті бұрылуға есептелінген, бұрылу бұрышы 410° , орталық майлау нүктесі.

-Айналу механизмдеріне, көтеру мен қозғалтуға гидравликалық жүйе, кері қайтару клапаны, жоғары қысымды фильтр;

-LMP функциясы + 10 % қосымша жүккөтергіштік;

-Функциядағы екі жақты басқару иінтіректері бар басқару блогы;

-ККБ (Көтеру кранын басқару) қауіпсіздік құрылғысы келесілерді қамтиды: мотосағат көрсеткіші, дабыл және жарық жүктелу сигнализаторлар, көтеру биіктігінің жоғарлауын ескерту құрылғысы, жебенің әр секциясында спирттік деңгейлері, қауіпті аймақ тетігі;

-КМУ дың базалық жабдығын жинақтау: гидробактың, аутригерлердің, тұрақтандырғыштардың, гидравликалық сорап жетегінің, кран негізінің бекіту бұрандамасының, гидравликалық жабдықтардың көмегінің.

1.5 Гидроманипуляторлық кранның құрылымдық ерекшеліктері мен жұмыс принципі

Кран – манипуляторлар – жүктік автомобиль платформасымен жұмыс атқаруға арналған тиеп – түсіргіш механизм. Кран - манипуляторлардың көмегімен автомобиль өз – өзіне қызмет көрсете алады: шанақты тиеп – түсіру, жүкті орналастыру және тасымалдау. Осылайша автокранға тәуелсіз жұмыс істей алады.

Кран – манипуляторлар құрылымының негізін еркіндік дәрежесі көп кеңістіктік механизмдер құрайды. Кран – манипуляторлар адамның жұмыс күші жеткіліксіз аяда жұмыс істеуге арналған. Сыртқы кейіпінде адаммен ұқсасығы болғандықтан кран – манипуляторлардың жұмыс органын (кез-келген басқа манипуляторлардағыдай) механикалық қол деп атайды. Кран – манипуляторлар: жетектен, басқару құрылғысынан, механикалық қол және қармап алу құрылғысынан (устройство захвата) тұрады. Басқару оператордың көмегімен басқару пульті арқылы жүзеге асырылады.

Жетек ретінде қолды (жүктерді үлкен емес аралыққа көтеріп – тасымалдауға арналған), электрлік (тұрақты және ауыспалы тоқты қозғалтқыш негізінде), гидравликалық, пневматикалық және іштен жану қозғалтқыштары болуы мүмкін.

Соңғысы олар қозғалыс көлігінедегі электржеліге тәуелсіз жұмыс істейтін крандарда қолданылады.

Манипуляторды басқару пульті көмегімен алыстан басқару арқылы жүзеге асырылады. Кран – манипуляторлардың атқарушы органының құрылысы атқаратын қызметіне байланысты әрқалай болып келеді. Жұмыс органы ретінде кран, электромагнит т.б. болады.

Кран – манипуляторлардың негізгі жинақ бірлігі болып:

Аздаған түзеу жұмыстарынан кейінгі базалық жүктік автомобиль.

Кран – манипуляторларлық қондырғы немесе жүктік платформа орнатылатын базалық автомобиль рамасына қатаң түрде бекітілген.

Кабинаның артқы жағында аралық рамаға немесе автомобиль артына орнатылған кран – манипуляторларлық қондырғы.

Гидросораппеен немесе қуат реттеу қорабы бар кран– манипулятордың гидрожүйесі.

Қуат реттеу қорабының пневможетегі.

Кран – манипуляторлардың электржүйесі.

Кран – манипуляторлардың жана үлгілерінің алыстан басқару жүйесі бар. Ол бір жағынан ыңғайлылықты екінші жағынан кран – манипулятор операторының жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, ол кран қондырғысынан белгілі бір қашықтықта жүзеге асырылады. Кран– манипуляторлардың алыстан басқарылуы моделіне байланысты кабельмен радиобайланыс арқылы жүзеге асырыла алады. Басқару пульті сондай – ақ кран қондырғысына да орнатылады.

Гидравликалық кран – манипулятордың негізгі бөліктері болып: еркіндік дәрежесі жоғары рычагтар жүйесін құрайтын жебе, аспалы құрылғы.

Гидравликалық жетек арқылы оператор басқаруымен жебе және аспалы құрылым қозғалысқа келтіріледі. Жетек жұмысының негізінде энегрияны жетекші элементтен жетектегі элементке гидравликалық сұйықтықтың көмегімен беру принципі жатыр. Гидравликалық манипуляторлар жүк автомобильдерінде ғана емес теміржол мен теңіз көлігінде де қолданыс тапты.

Гидроманипуляторлық кран қондырғыларының артықшылығы

Гидравликалық кран – манипуляторды басқару арнайы дайындақ пен білімді талап етпейді, яғни оны бақаруды басқарумен және көліктік техниканы тасымалдаумен айналысатын адам жүзеге асыра алуы да мүмкін, ол кран-манипулятор қондырғысы орнатылған жұмыс істеуде жұмысшылар санын азайтуға мүкіндік береді.

Жүкті көтерудің және орын ауыстырудың кезінде автомобиль кранды және жүктік автомобильді қолдануды қажет етеді. Автомобильде жинақталған кран – манпуляторлар базалық автомобильді жабдықтайды. Гидравликалық кран манипулятордың қондырғылары жүккөтергіштігі әлдеқайда төмендетеді және базалық автомобильдің жүктік платформасының ауданын төмендетеді, бірақ олар өндіргіштікті және экономикалық тиімділігін көтереді.

КМҚ – 31 кран – манипуляторы үлкен емес шектелген кеңістікте жұмыс істеуге арналған. Бұл компактті 550 кг өзіндік массалы көтергіш қондырғы 1770 кг дейінді жүкті көтеругі арналған. КМҚ – 31 кран – манипуляторы әр түрлі жұмыстарды орындауға арналған: бордюрлік тастарды, трубаларды, терезелер мен есіктерді және т.б. тиеп – түсіру. Қосымша ұзартқыштың бар КМҚ 31 манипулятор кранының жебесінің гидравликалық шығысын 5,75м дейін үлкейтеді. Бұл қондырғы жұмыс аймағын әлдеқайда үлкейтуге келтіреді. КМҚ – 31 кран – манипуляторы орташа тонналы машиналарға орнатылады, мыс ГАЗ 331404 «Валдай» ЗИЛ – 5301 «Бычок» МАЗ – 437014 «Зубренок», ISUZU NQR75, Hyundai HD78 орнатылады.

КМҚ – 90 кран – манипуляторы ауыр жүктермен жұмыс істегенде аса тиімді. Өзіндік 1650 кг массасымен бұл кран 3680 кг дейінгі жүкті көтере алады. Жұмыс жағдайында кран жебесінің шығысы 7,5 м жетеді. Себебі бұл

механизм автомобиль осіне көлденең жинақталады. Осылайша жинақтау көліктік техниканың осьтері бойынша жақсы таралған және де қозғалтқышқа және т.б. механизмдер мен тораптарға кіріске кедергі келтірмейді. КМҚ – 90 кран манипуляторы бұған қоса ағаш пен бордюрлі тасты, әртүрлі диаметрдегі трубаларды, орман материалдарын, панельдер мен поддондарды тиіп – түсіруге арналған. Тек бір шарт – жүкті орап алғыш қондырғыны ауыстыру. Бұл үрдіс тек аздаған минут уақытты алады. Ол жүктік автомобильдерге және арнайылатылған автокөліктерге орнатылады. Ережеге сәйкес, кран – манипулятор КМҚ – 90 КамАЗ, Урал, МАЗ, ЗИЛ жүктік автомобиль платформасының кабинадан кейін немесе жүктік платформаның артқы бөлігіне орнатылады. Мұндай орналасу автомашинаның шанағын ғана емес тіркемесіне де қызмет көрсетеді.

КМУ – 130 кран – манипуляторы монтаждау және аздабатты құрылыс жұмыстарында қолдануға арналған. Бұл механизм басқа модельдерге қарағанда жүкті 15м биіктікке көтеруді қамтамасыз ететіндей жебенің үлкен шығысын қамти алады. Бұл артықшылық КМҚ – 130 кран – манипуляторы аздабатты үйлердің және коттеждердің құрылысында, каркасты металдық және жинақ құрылымдарда тиімді қолданысқа ие болуын қамтамасыз етеді. КМҚ–130 кран манипуляторы УРАЛ, КамАЗ, МАЗ автокөліктер борттына арнайылатылған техникалар көліктік техника және шет ел өндірушілерінің автомобильдеріне қондырылады.

Кран – манипуляторлардың барлық модельдері әртүрлі құрылыс жұмыстарын сәтті жүргізу үшін арнайы құрылған.

Алты қырлы телескопиялық жебесі бар Kanglim кран қондырғысы:

6 – ға дейінгі секциясы;

Күшейтілген квадратты аутригарлері (тіректері);

Құрылымдардың жүккөтергіштігі 1 тоннадан 15 тоннаға дейін;

жүкті максимальды көтеру бұрышы 9 дан 25 метрге дейін;

Kanglim манипуляторларының келесідей артықшылықтары бар:

Қарапайым манипуляторға қарағанда ілмектің тросты асылғысының арқасында жүкті нақты позициялау;

Жүкті қатаң түрде вертикаль жағдайда түзу бойымен түсіру; жүкті жерге соққысыз түсіру;

Жүктік моментті максимальды түрде пайдалануға мүмкіндік беретін телескоптық секциялардың кезекпен шығарылуы;

Кедергіден (қақпалар, қабырғалар немесе басқа да кедергілер) жүкті оңай көтеріп – түсіру;

Kanglim кран қондырғысын әртүрлі қолданыс аясында пайдалану: құрылыста, жұктасымалдауды т.б.

Жебені телескоптау датчигінен, иілу бұрышы датчигінен, жебедегі тензодатчиктен және сөндіргіштен тұратын кран – манипулятордың көп буынды қауіпсіздік жүйесі бар.


Kanglim кран–манипуляторлары автомобиль кабинасы мен шанағының арасында гидрожетек пен қуат тарату білігін қолдана отырып, кез келген

борттық автомобильдерде орнатады. Kanglim кран-манипулятор қондырғысының сенімділігі мен ұзақ ғұмырлығы бүкіл әлем бойынша онжылдық тәжірибемен расталған..

1.6 Кран қондырғыларын жөндеу

Кез келген қиындықтағы кран манипуляторларға қызмет көрсету, соның ішінде: бәсеңдеткішті жөндеу, тросты ауыстыру, цилиндрлерді жөндеу, шлангаларды ауыстыру, клапандарды жөндеу және ауыстыру, гидросораптарды ауыстыру, аутригерлер мен жебелерді жөндеу, май мен сүзгілерді ауыстыру, гидротаратқышты ауыстыру.

Кран – манипулятор, гидроманипулятор, автоманипулятор - бір адамның ойлап тапқан ізденісінгің әркелкі аталуы, ол тиеу мен тасымалдау жұмыстарының кез келгенін орындауды қамтамасыз етеді. Палфингер кран манипуляторды өндіру жөнінде әлемдік лидер атанып бұл ізденісін идеалдық жағдайға дейін келтірді.



9 – сурет - Палфингер

Палфингер – инновациялық технологиялар және көтеру жабдықтары аясындағы әлемдік лидер, өз өнімінде бірегей технологиялар комплексін іске асырады. Кран-манипуляторлар оны тиеп–түсіру кезінде компактті өлшемдерін, үлкен жүккөтергіштігін қамтамасыз ететін бірегейлі жебе элементтерінің қозғалыс кинематикасын қамтиды. КМҚ-ның барлық жүйелері, жебе дірілін жоятын активті жүйе, кран – манипуляторлардың жұмыс тұрақтылығы мен дәлдігі. КМҚ ның жұмыс орнының ойластырылған эргономикасы және пультпен басқарудың тиімді алыстан басқару жүйелерін қолдану кран манипулятор оператор еңбегінің өнімділігін жоғарылатады.

Жасырын гидравлика, электрохимиялық технология және т.б. сенімділік пен ұзақ ғұмырлылық аясындағы шешімдер кран – манипуляторлады 10 – 15 көлемінде пайдалануды болады. Осы технологияларды жаппай қолдану «шасси-автоманипулятор -персонал» комплексінің өнімділігін көтереді.

1.7 Манипуляторлы автокөліктерге шолу

Мысалға қазіргі таңда шығарылып жатқан гидроманипуляторларды мысалға ала отырып олардың түрлерін қарастырамыз.



10 - сурет-КАМАЗ-53229-1064 (65115) автокөлігінің шассиындағы кран-манипуляторлы Ломовоз (металловоз).

Металловоз көп саусақты грейферлі қрамауышпен жабдықталған, ол кран-манипулятор арқылы металлломды тиеу үшін және металлломды тасу мен самосвалды түсіру үшін арналған. E90Z79 EPSILON –PALFINGER (Австрия), Синегорец 75, ЛВ-185-14 «Атлант» (Майкоп қ.) және НІАВ (Швеция) гидроманипуляторларымен жабдыкталуы мүмкін.



11- сурет - МАЗ шассиындағы эвакуатор.

Эвакуатор автотранспортты құралдарды тасымалдауға (эвакуациялауға) арналған. Тиеу және түсіру жұмыстары кран-манипулятордың көмегімен жүргізіледі. Эвакуатор платформасы бірге пісірілген металды құрылымды конструкция.Тасымалданатын жүк салмағы 3200 кг. аспайды. Жүк қармаушы

құрылғы ретінде «паук» траверстері қолданылады. Транспортты құрылғыны тиеу кезінде арнайы автокөліктің доңғалақтарына бекітілетін қармаушы құрылғылар қолданылады. Тасымалданатын транспортты құралдарға платформаның пазасында бекітілетін арнайы төрт домалап кетуге қарсы тіреніштер қарастырылған. Транспортты құралдарды алыс қашықтыққа тасымалдағанда платформаның артқы жағында орнатылған, транспортты құралды белдікпен тартып бекітетін арнайы проушиндар қолданылады. Автокөлік PALFINGER (Австрия), РМ (Италия), Инман (Ресей) кран-манипуляторларымен жабдықталуы мүмкін.

Кран-манипуляторлы самосвал автокөлігі 12 - суретте көрсетілген.



12 – сурет - ИМ-150 манипуляторы орнатылған КАМАЗ 65117 (6*4) самосвал автокөлігі.

Самосвал автокөлігі құрылыстық, ауылшаруашылық және өнеркәсіптік сусымалы жүктерді тасуға арналған. Жүкті түсіру екі жаны және арты жағы бойынша жүзеге асырылады. Жанындағы борттары екі бөліктен тұрады: астыңғы және төменгі қалқа. Борттың төменгі бөлігін 90 градусқа ашу және жабу қолдан жүргізіледі. Арқы борт тіректерге бекітіліп ашылатын қақпа ретінде жасалған және 130 градусқа ашылады. Бұл құрылымның артықшылығы, оның ұзындығы 6,5 м дейінгі ұзын өлшемді жүктер тасуға мүмкіндік беруі және платформаны көтерусіз артқа қолмен түсіруге ыңғайлылығы болып табылады.

Кран-манипуляторлы бортты автокөлік 5 - суретте көрсетілген.



13 – сурет - Кран-манипуляторлы Камаз бортты автокөлігі

Кран-манипуляторлы Камаз бортты автокөлігі тиеу-түсіру жұмыстары орындауға, қондырғыларды монтаждауға және жүкті тасымалдауға арналған.

Құрастыру сұлбасына сараптама

Көлденең жиналмалы кабина артында орналасқан манипулятордың құрастыру сұлбасы 14 - суретте көрсетілген.



14-сурет-КАМАЗ 50205 автомобилі шассиінің кабина артында орнатылған және көлденең жиналмалы КМУ-90 кран-манипулятор.

Ерекшеліктері:

-көлденең жиналмалы. Бұл салмақтың осьтер бойынша тиімді үйлесуіне және капотсыз автокөліктердің мотор бөлігіне қиындықсыз қол жеткізуге мүмкіндік береді;

-артта орналастырумен салыстырғанда жұмыс зонасының шектеулілігі. Бұл оны арнайылатылған автопоездарға түрлендіру барысында біраз қиындықтар тудырады;


-грейферлі немесе басқа да жұмыс органдарын пайдалану барысында қалқалы қондырғыны бөлшектеусіз манипуляторды жинауға болмайды;

-артта орналастыру раманың ұзартылуын қажет етсе, кабина артында орнату үшін базалық шасси қолдана береді;

-мұндай құрастыруда ұзын өлшемді құбырлардың қолданылуы қажет етілмейді. Артта орналастыру кезінде манипулятор жұмыс сұйықтығының сорабына алыста орналасады;

-жұмыс зонасының жеткіліксіздігінен еденнен төмен тұрған жүктерді көтеру барысында біраз қиындықтар туындайды.

Манипулятордың артта орналасудың құрылымдық сұлбасы 15 - суретте көрсетілген



15-сурет-Манипуляторы артында орналасқан Урал автокөлігі

Ерекшеліктері:

-мұндай құрастырылым тартқыш шассиінің ұзартылуын қажет етеді, бұған өндірушілер келісе бермейді;

-жұмыс зонасы автокөліктің артқы жағын қамтиды, бұл өз кезегінде тіркеме қолдануға және автопоезд құрастыруға мүмкіндік береді;

-стрелалы қондырғының тиімді жиналу сұлбасына ие және осы техниканың функциялық мүмкіндіктерін шектемейді;

-еден деңгейінен төмен тұрған жүктерді көтеру барысында манипулятор алдында орналасуға қарағанда үлкен жұмыс зонасына ие;

-манипулятор жұмыс сұйықтығының сорабынан алыс орналасқандықтан ұзын өлшемді құбырларды қажет етеді;

-үлкен жылдамдықтарда және жол қиылыстарында қозғалыс кезінде мұндай құрылымды манипулятор алдында орналасуға қарағанда орнықтылығы төмен;

-капотсыз, кабинасы қайырмалы автокөліктерді қолдану барысында қозғалтқышқа еш кедергісіз қол жеткізуге болады.

Ерекшеліктері:

-автокөліктің базалық шассиін қолдануға мүмкіндік береді.

-ұзын өлшемді құбырларды қажет етпейді. Артта орналастыру кезінде манипулятор жұмыс сұйықтығының сорабына алыста орналасады;

-еден деңгейінен төмен орналасқан жүктерді көтеру қиындықтар тудырады;

-ауырлық центрі алдыға және жоғарырақ жылжиды, бұл автокөліктің орнықтылығын төмендетеді;

-алдында манипулятордың тіреніші орналасқан, бұл жүргізушінің көру аумағын шектейді.

Гидроманипуляторлы автокөліктердің құрылымдық сұлбаларын сараптай келіп өңделетін автокөлікке ең тиімдісі манипулятордың орналасуы деген шешімге келдім.

2.Әдеби –патенттік шолу.

Манипулятор 707792

Өнертабысқа шолу мәшине жасау облысына жатады және өнеркәсіп жұмыстарында қолданылуы мүмкін.

Жылжымалы қаңқада орнатылған колонна бағыттаушыларына күш цилиндрі көмегімен қозғалатын арбада жасалған ұстасуы бар бұрылу қаңқасынан тұратын манипуляторлар белгілі.

Бұл манипуляторлардың кемшілігі мынада , олар тетіктің терең ыдысқа соққысыз және жонуын айырусыз орнатылуын, тасмалдануын және қарпылуын қамтамасыз етпейді. Ол оның технологиялық мүмкіндіктерін төмендетеді.

Бұл өнертабыстың мақсаты- манипулятордың және оның технологиялық мүмкіндіктерін төмендетеді.

Ол мыналар арқылы іске асады, арба пішінді ұстасумен және тұтқа бұрылысының шектегішімен жабдықталған. Тұтқада ұстасу мен төрткілше жасалған,ол берілген төрткілше орналасқан ойығы бар құрсама арқылы күш цилиндрімен топса арқылы байланысқан. Ал тұтқаның ішінде штогын ұстасу ауызымен байланысқан жетектеуіш орнатылған күш цилиндрімен жарақтанған стакан орнатылған. Бұл күш цилиндр штогы ұстасуға бекітілген табанда орнатылған.

1 фигурада -манипулятордың жалпы күйі бейнеленген; 2 фигурада-манипулятордың тұтқасы ;3 фигурада- тұтқаның бұрылу торабы; 4 фигурада-манипулятор тұтқасы, жазық тілік ; 5-тұйық ортадағыманипулятордың ұстасуы.

Манипулятор бұйымдарымен бкөпсөрешіті аспаларды 5тасмалдайтын конвейер бойында орналасқан жолдағы манипулятордың қозғалыс механизімі бекітілген рамада тұрады.

Манипуляторда колоннаның 8(бағана) көтеру механизімі 7 бекітілген. Механизмнің астыңғы ұшында бағыттаушы бекітілген, ол бойынша бұрылудың күш цилиндрі 13 көмегімен тік жазықтықты бұрылатын мүмкіндігі бар, тұтқасы 12 бар арба қозғалыс механизімі 10 көмегімен қозғалады.

Бұрылудың күш цилиндрі 13 көмегімен тік жазықтықты бұрылатын мүмкіндігі бар , тұтқасы 12бар арба қозғалыс механизімі 10көмегімен қозғалады.

Бұрылудың күш цилиндрі 13тұтқамен 12 қатаң байланысқан төрткілше 16 орналасқан ойығы 15 бар құрсама 14арқылы тұтқамен байланысқан.

Тұтқаның артқы ұшында 12 арбаға 11 бекітілген бұрылу шектегішімен 18 әрекеттесетінін реттейтін таянышы 17 бар. Тұтқаның ішінде 12, қозғалысы тұтқа корпусының бойында горизонтал бағытта тек оның арбасында орналасқан қатаң пішінді таянышымен 20 шектеліп, корпусқа қатысты жылжымлы стакан 19 орналасқан.

Стақан ішінде 19штогы 22 ұстасудың 24 алдыңғы таянышына бекітілген табанында 23 қозғалатын күш цилиндрі 21 орнатылған. Штокқа 22 ұстасу ауызының 26 ойығына кіретін жетектеуіш 25 қатаң бекітілген. Тұтқада 12 өшіргіш 27 орналасқан, ол стақанға 19 бекітілген пластинамен 28 тұтқа қатысты қозғалысы кезінде әрекеттесуі. Құрсамада 14оның ойығында 15 қатысты тұтқа төрткілшесінің 16 қозғалыс кезінде белгі беретін соңғы өшіргіш 29 қосылады.

Манипулятор жұмысы келесі түрде іске асырылады. Бұйымды 6 ұстаған кезде шток 22 аузымен 26 бірге табанда 23 қозғалады және бұйымға тіреліп оны центрлейді.

Манипулятор бұйымының горизонталь тұсында бағытында алу арбаның 11 бұйымға 6 горизонталь қозғалысынан басталады. Одан кейін, ұстасу сығыла бастайды, және астыңғы губкамен затқа бастапқы жанасқанда ол оны аздап көтереді, ал жоғарғы губканың жанасқанда затқа тіреліп ұстасудың өзі көтеріледі. Ұстасу көтеріліп, тұтқаны айналдырады және төрткілшені 16 құрсама 14 ойығына 15орналастырады. Сол кезде затты жанасу мен ұстап алу болғандығы туралы белгі беріліп соңғы өшіргіш 29 қосылады.

Егер қозғалатын (орын ауыстыратын) зат қабылдайтын бетке жанасқан болса, онда ұстасу бірінші жағдайдағыдай, тұтқаны бұрып және құрсама 14 ойығына 15 төрткілшені 16 жоғары орналастырып көтеріледі. Егер қозғалатын зат қабылдайтын бетке жанаспаған болса, онда ұстасу ажырағанда зат қабылдаған бетке ұстасудың астыңғы губкамен түсереді. Ұстасудың дәлдігі бұл кезде ұстасу губкасының минимал жүрісінің төрттен бір бөлігінен аз болуы керек.

Тұтқаның горизонтал күйіндегі пішіні таянышы 20 тұтқа арбасында стаканның 19 оңға бұрылуына жол бермейді. Тұтқаны вертикал бағытқа айналдырса стақан 19 таяныштан 20 босайды, ал құрсама 14 күш цилиндрі 13 көмегімен ойықтың жоғарғы жиегімен 15 тұтқаны реттейтін таянышпен 17 бұрылу шеттегішіне 18 қарай қысады, сол арқылы ол тұтқаның горизонталь күйінің гравитациялық икемділігін икемделеді.

Тұтқа вертикал күйде болса затты ұстасу келесідей іске асырылады.

Күш цилиндрімен 13жіберілген тұтқаны ашылған ұстасуымен бағана 8 алынатын затқа түсіреді. Затты алдыңғы таянышпен Затты алдыңғы таянышпен 24 жанар стакан 19 ұстасумен тоқтайды, ал түсіп бара жатқан тұтқа соңғы (шеткі) өшіргіш құралды қосу үшін стакан 19 бойымен төмен қарай сырғанайды. Сол кезде баған тоқтайды да, ұстасу айқаса бастайды. Ұстасу ауызының 26 айқасуы кезінде шток 22 ұсталынатын затқа сүйеніп, тағы кішкене тұтқадағы 12 ұстасуды стақанмен 19 көтереді. Ары қарай кәдімгі манипуляциялау болады.

Тұтқаның вертикаль күйінде заттарды орналастыру үрдісі осылайша жүргізіледі, тек айырмашылығын жіберу кезінде тұтқа ұсталған затпен орналасу аймағына жанасады және тоқтайды, сосын өшіргіш құрал 27 көмегімен бағана тоқталады.

Өнертабыс формулысы

Манипулятор , қысып алатын қолы бар, арбаша орнатылған, ол бағанамен қозғалмалы күштік цилиндр көмегімен бағытталады, ол жылжымалы рамада орнатылған, оның айырмашылығы, оның мақсаты технологиялық мүмкіндіктерді кеңейту, манипулятордың айналдырмалы қолы шектелген және тірек кескінімен арбашаға тағы тірек пен сухарь жабдықталған, ойық пен құрсауының нақты нәтижесінен күштік цилиндрмен топсалар қолымен байланыстырылған, белгіленген сухармен орналасқан, ал қолдың ішінде стакан орналасқан, ол күштік цилиндрмен жабдықталған.

Сараптаманың назарына алынған ақпарат көзі

П.Н.Белянин Япониядағы өнеркәсіп жұмысы. Шет елдегі тәжіриемемен қарау. НИАТ, 1977, 305 бет.

Көпмақсатты манипуляторлы агрегат RU 2016756

Өнертабыс таудағы транспорттық техниканы жөндеу мен техникалық қызмет көрсету операцияларын өңдеуге мүмкіндік береді. Оған тірек дөңгелектерін , остерді, жүріс қозғаласын , жұлдызшалы эксковатор шөмішінің тістерін ауыстыру , төлкені престеп шығару сонымен қатар кеніштегі басқада көмекші жұмыстар жатады. Ол үшін көпмақсатты манипуляторлы агрегаттың алмастыру жабдықтарымен жабдықталған. Жұмыс орнына келген манипулятор операторы тіркемеде жабдық таңдайды және оны тұтқа басына бекітеді. Төменгі жағында тірек дөңгелектері мен тістерді ауыстыру үшін қармауышты бекітуге арналған дөңес жері бар, сондай-ақ төлкелерді престеп шығаруға арналған гидропрессі бар жылжымалы және жылжымайтын бөлшектермен қамтылған күштік органды бекіткен соң тетікті алу немесе алмастыру орындалады. Осьтерді престеп шығару үшін күштік органның жылжымайтын бөлігіндегі кронштейн тесігіне және аспаның төменгі бөлігіндегі тесікке тіреуіш штангаларын қояды, жартылай хамуттарды осьтен ары қарай бекітеді және осьті айырбастайды.

Өнертабыс машина жасау облысына , соның ішінде өзі жүретін манипуляторлы агрегатқа жатады, және кеніштегі жөндеу және қосымша жұмыстарына пайдаланылады.

Манипулятор мыналармен белгілі, айналу платформасы бар өзі жүретін шассиде жөнделген оған орнатылған тізбектеліп және топсалы байланысқан иін, алдыңғы иін және қарпығыш органы бар кистьпен, сонымен қатар қозғалыс жетегі, ол ілгерлемелі және айналмалы қозғалыстың негізгі күш цилиндрлері түрінде жасалған, бұрылу платформасы орналасқан жетекші арбамен, негізгі бағыттаушымен және орнатылған механиканың тұтқамен жабдықталған, ол

келесіден тұрады: ілгерлемелі және айналмалы қозғалыстың күш цилиндрі, оның тербелуінің екі күш цилиндрі, ал алдыңғы иін шетмойынмен жабдықталған, онда механикалық тұтқа тербелуінің күш цилиндр штоктарымен топсамен байланысқан механикалық тұтқаның айналмалы қозғалысының күш цилиндрінің корпусы орнатылған.

Берілген манипулятордың кемшілігі функционалды мүмкіндіктердің аздығы болып табылады. Соның әсерінін ал тау өнеркәсібінде экскаватор шөмішінің тістерін, жүру бөлігінің тракторын ауыстыру, төлке, осьтерде, пресстеп шығаруға, рельсті-шпалды тордың негізін жобалау жұмыстарын жүргізуде қолданылмайды.

Өнертабысқа ең жақыны болып, құлап қалған ағаштарды жинауға және тасмалдауға арналған агрегат саналады. Оның құрамына бірсыткі тартқыш, тартқышпен топсалы-осьтік құрылғы арқылы қосылған жетекші осьтік жартылай тіркеме рамасында орнатылған лебедка, машина лебедкасының әсерінен іске қосылатын қабылдағыш қысқыш құрылғы, ершікті-іліністі құрылғы және бос ұшында қармауышы бар, күштік цилиндрдің жетегімен топсалы-біріккен звенолар түрінде бұрылғыш стрелаға кіреді.

Алайда бұл агрегат тірек дөңгелегін, жұлдызшаны, экскаватор шөмішінің тістерін, төлкені пресстеп шығаруды, осьтерді және аспалы ауыспалы жабдықтарды алмастыру үшін арналған күш органының жоқтығынан кеніште жөндеу және қосымша жұмыстарды жүргізуге арналмаған.

Өнертабысқа қойылатын талаптардың бірі болып таудағы транспорттық техникаға қызмет көрсету және жөндеу және кеніштегі басқа да жұмыстарды атқаратын көпмақсатты өзі жүретін манипуляторлы агрегатты құру болып табылады.

Агрегат құрамы тіркемесі бар құрылғымен жабдықталған бульдозерлі опырғышы мен өзі жүретін шассиден, бағанаға, оған орнатылған тізбектеліп және топсалы біріккен тұтқасы бар стреладан, аспаның орындау органынан тұрады. Бұл аспа тегершікті-рейка тәрізді екі бұрылу механизмдерінен жабдықталған. Оның төменгі жағына жылжымалы жылжымайтын бөліктерден тұратын күштік органмен байланысқан. Гидроцилиндрлі қораптың жылжымалы бөлігі қима бағыттаушысымен жабдықталған, ал жылжымалы және жылжымайтын бөліктердің астың беттерді фиксация элементтері көмегімен тіреуіш дөңгелектерді, жұлдызшаны, жүріс қозғалысын шешу үшін қармауыштың біріктелген дөңестермен қамтылған.

Күштік органның жылжымалы бөлігінің бүйір беттері өтпелі тесіктері бар кронштейнмен қамтылған, аспаның астыңғы бөлігі де тіреуіш штангалармен әрекеттесумен өтпелі тесікпен қамтылған. Мұнда жылжымалы бөлігі алынатын осьпен әрекеттесетін топсалы бекітілген жартылай хамуттармен жабдықталған.

Күш органының жылжымалы және жылжымайтын бөліктерінің дөңестерін бекіту элементінің көмегімен төлкелерді пресстеп босату үшін бекіту элементімен қамтылған матрицасы және тіреуіші бар гидропресспен байланысқан.

Тіркеме кассета түрінде жасалған және ауыспалы тетіктерді бір-бірлеп орналастыру және аспалы ауысымды жабдықтар үшін бекіту элементтерімен қамтылған.

Ұсынылып отырған манипуляторлы көпмақсатты агрегат түп-тұлғасына қарағанда келесідей болады:

Тірек дөңгелектерін және олардың осьтерін , жүріс қозғалысын , жұлдызшаларды, экскаватор шөмішінің тістерін ауыстыруды қамтамасыз ету.

Экскаватор шөмішінің төлкелерін жаппай пресстеп шығару;

Ауыстырылатын жабдық пен ауысатын тетік қорын тіркеме кассетада тасмалдау ; сонымен қатар әр түрлі түрлі жүктердің түрлерін тасмалдау;

Теміржол жолдарын алып –салуды, контактылы байлаыс тіреулерін және жоғарғыволтты ЛЭП орын ауыстыруды, сусымалы материалдарды тиеусіз өлшемсіз тесік бұрғылауды тудырады.

1 фиг. Көпмақсатты манипуляторлы агрегат бейнеленген, көбінесе, жөндеу және қосымша жұмыстарды кеніштерде жасауға; 2 фиг тірек дөңгелегін , жұлдызшаны , жүріс электрқозғалтқышын алмастыруға арналған күштік орган; 3 фиг-2 фиг. А бағыттаушысы бойынша көрінісі; 4 фиг-экскаватор шөмішінің тістерін алмастыру үшін қармауыш; 5 фиг-төлкелерді пресстеп шығаруға арналған гидропрессі бар күш орган; 6 фиг- тірек дөңгелегінің осьтерін пресстеп шығаруға арналған механизмді күштік орган ; 7 фиг- 6 фиг. Б-Б көрінісінің тілігі.

Көпмақсатты манипуляторлы агрегат бульдозерлі опырғыш 2, шатырлы ауыстыру жабдығын 5 арналған бекіту элементі 4 бар кассетта түрінде жасалған тіркемесі 3, аутригері , стрелкалы 8 және тұтқалы 7 бұрылу бағанасы 7 бар өзі жүретін шассиден тұрады. Тұтқаның басында 9 топсалар 10 мен 11көмегімен күштік орган 13 мен аспа 12 ,бекітілген. Бұл аспа екі өзара перпендикуляр жазықтықтардың бұрылуына жол беретін тегершікті-рейка түріндегі екі бұрылу механизімімен жабдықталған. Аспаның астыңғы жағында өтпелі тесік 15 бар. Күштік орган 13 жылжымалы 16 және жылжымайтын 17 бөліктерден тұрады. Жылжымайтын бөлігі 17 аспаға бекітілген, ал жылжымалы бөлігі 16 қорабы қиманың бағыттаушысының 18 ішінде орналасқан гидроцилиндр 18 көмегімен жылжымайтын бөлікке қатысты қозғалады.

Күштік органның астыңғы беттерінде тесіктері бар шығыңқы 20 орналасқан, соның және проушина 22 көмегімен тірек дөңгелектерін 24 ауыстыратын қармауыштар 23, экскаватор шөмішінің тістерін 26 ауыстыратын қармауыштар және экскаватор 33 шөмішінің төлкелерін ауыстыратын бекіту элементтері 31 және матрицасы бар, штокты тіректі- гидропресс арқылы бекітіледі. Жылжымайтын бөліктің 12 бүйір беттері аспаның астыңғы бетіндегі тесікпен қатар сатылы диаметрдің штангасымен 35 байланысатын өтпелі тесіктері бар таянышымен жабдықталған. Күштік органның жылжымалы бөлігі 16 шынжырлы экскаватордың қаңқасының жүріс дөңгелегінің осьтерін пресстеп шығаруға арналған топсамен біріккен хамутпен жабдықталған.

Көпмақсатты манипуляторлы агрегатты келесі түрде жұмыс жасайды.

